

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 наурыздағы N 307 қаулысы

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 87200000 (сексен жеті миллион екі жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі